



ҚР Ғылым және Ғылым министрлігі
Атырау облысы Білім беру басқармасы
Министерство просвещения РК
Управление образования Атырауской области
Ministry of Education of the RK
Department of Education of Atyrau region

«Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция

БАҒДАРЛАМАСЫ

«Приоритетные направления развития науки и образования»

Международная научно-практическая
конференция

ПРОГРАММА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
О.КӨШЕКОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ АГРАРЛЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
АТЫРАУСКИЙ АГРАРНО-ТЕХНИЧЕСКИЙ КОЛЛЕДЖ ИМЕНИ У.КУШЕКОВА

MINISTRY OF EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
DEPARTMENT OF EDUCATION OF ATYRAU REGION
ATYRAU AGRARIAN AND TECHNICAL COLLEGE NAMED AFTER U.KUSHEKOV

«ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ»

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары

10 қазан 2022 ж

«ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ»

материалы международной научно-практической конференции

10 октября 2022 г

«PRIORITY TRENDS OF DEVELOPMENT OF SCIENCE AND EDUCATION»

materials of the international scientific and practical conference

10 October, 2022

АТЫРАУ, 2022

Бүгінгі күні білім сапасы үлкен мәселе болып тұрғаны шындық. Білім сапасы – мұғалімдер жұмысының көрсеткіші және мұның бәрі пәндік олимпиададан, ғылыми жоба жарыстарынан көрініс табады. Осы жерде ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, керек құралдар, құралсыз іс істелмейді» деген сөзі ойға оралады. Бұл өткен ғасырдың басында айтылғанымен, жүз жыл өтсе де бағыт – бағдар болып тұр.

Президентіміз «Барлық жаңғырту үрдісіндегі табыстың негізгі факторларының бірі – ұлттық білім беру жүйесін жаңарту болып табылады», - деп атап көрсеткендей, жыл сайын білім беру үдерісі жаңару үстінде. Қазіргі кезде білім беру саласына жаңа көзқарас, жаңаша талап қойылып отыр. «Өсер елдің ұлы өнерлі, қызы мінезді келеді» дейді дана халқымыз. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, алдымызда отырған өрендеріміздің болашағы ХХІ ғасырмен тұстас келгеніне қуаныштымыз. Өйткені, ХХІ ғасыр – білім ғасыры. Білімділерді аялап тербетер, баптап өсірер саналы тәрбие мен сапалы білім керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
3. Қазақстан республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 2012
4. «Ұстаз» ғылыми – әдістемелік журнал №3(44) 2009

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

*Кусбекова Акмарал Шайкеновна
Педагогика ғылымдарының магистрі
«Бесқарағай колледжі» КММ*

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі - интерактивті техника және технология. Интерактивті технологияның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті оқушыларды даярлау мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жанжақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Білім беруді жаңарту – үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үрдісі, бұл білім беруде кезең-кезеңімен өтетін және алынған нәтижелерге сәйкес түзету енгізіліп, талданатын өзгерістер. Сонымен қатар білім беруді жаңарту үрдісі салт-дәстүрді, мәдени мұраны, жалпы ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауды талап етеді. Ақпараттандыру жағдайында білім алушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр.

Студенттердің құзіреттілігін пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану арқылы дамыту қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану студенттің білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жанжақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін төмендегідей ұстанымдар жүзеге асуы тиіс.

Өзіндік іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни жаңа жағдайдағы "оқыту әдістемесі" деп отырғанымыз: "оқушы - мұғалім" ұстанымының өзара тығыз байланыстылығы. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алуына белсенділігіне баса назар аударылады.

Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін жедел игеріп, кәсіби шеберлікті ұштап отыру ұстаздың басты парызы. Болашақтың бүгіннен де нұрлы, шуақты болуына тікелей ықпал етіп, адамзатты алға апаратын күш білімінде ғана, деген ұранымен оқу үрдісін ұйымдастыру қажет.

Мақаланың тақырыбын таңдағанда алдымен қазіргі заманның оқу барысында өзектілігін және талаптарын ескерте отырып арнайы пәндер сабағының сапасын жаңа дәреже жоғарлату мақсаты қойылды. Нарықтық экономика шарттарында дамып жатқан біздің қазіргі білімі, алдымен студенттерге деген оқытушының педагогикалық әсері: қазіргі заманындағы өмір шарттарына бейімделген; бәсекелестікке қабілеттілігі; шығармашылықпен ойлайтын тұлғаны қалыптастыру бағыттау қажет. Студенттердің сабақта шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жаңа технологияларды ұтымды пайдалану қажет.

Технология сөзі – гректің өнер, шеберлік, біліктілік, оқу сөздерінен шығып, көптеген ұғымдарды білдіреді. Қазір жаңа педагогикалық технологиялар туралы жарияланған еңбектер көп.

«Педагогикалық технология» ұғымының қазір 300-ден астам балама анықтамалары бар.

«Педагогикалық технология дегеніміз- оқыту үрдісін жүзеге асыратын мазмұнды техника» (В.П.Беспалько). «Педагогикалық технология дегеніміз- педагогикалық мақсаттарға жету үшін қолданатын тұлғалық, аспаптық, әдіснамалық құралдардың жүйеленген жиынтығы және олардың ретімен қызмет етуі». «Педагогикалық технология-белгілі бір маңызды әрекетке, өнерде, шеберлікті мақсатқа жету қолданылатын әдіс».

Оқыту технологияларының құрылымдық элементтеріне мыналар жатады: мақсат, мазмұн, әдістер, формалар, құралдар, оқушы, мұғалім, нәтиже. Арнайы пәндер сабағында жаңа технологияны әдісті қолданудың тиімділігі – студенттің сабаққа қызығушылығын арттырып, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, бәсекеге қабілетті оқушылар дайындауда маңызы зор. Сабақ бергенде оқулықтағы берілген материалмен ғана шектеліп қоймай, жаңа технологиялар арқылы материалды пайдаланып, зерттеушілік жұмыстар жүргізуге тырысамыз. Баланы айналы өзбетімен танып білуге деген табиғи ұмтылысы негізінде құрылған оқытудағы зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын алады.

Оқытудың іске асыру тәсілдерінің бірі – жобалар әдісі, өзіндік өзінің дидактикалық негізі бойынша, шынайы өмірде тиімді әрекет етуде мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастыруды көздейтін, білім берудегі құзыреттілікті қолдайтын жаңа технология. Қазіргі кезде студенттің интеллектісіне дербес ойлауын дамытуға бағытталған өз бетімен ізденуге даярлауда жаңа технологияның маңызы зор. Студенттің жеке тұлғасының даму мәселесін шешу, оқытудың тиімділігін арттыру, балалардың деңгейіне қарай отырып жұмыс жасау қажет.

Оқытушылар үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі: - студенттің өз бетімен жұмысына; - уақытын үнемдеуге; - білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруге; - қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; - қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі; - экономикалық тиімділігі; - қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әртүрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді; - оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор. Оқытушы сабағында ақпараттық технологияның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі.

Қазіргі мектептің даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі тегімен анықталады.

Білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Оқу процесінде пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды тиімді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, студенттердің өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туып отыр. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы тандалған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, анимациялық практика тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады.

Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тындатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. «Қазіргі заманда оқушыларға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет». Жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Шығармашылық дегеніміз- адамның өмір шындығына, өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін, дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі. Оқушылардың белсенділігімен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру мектептерінің алдында тұрған үлкен міндет екені белгілі. Уақыт талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін, оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын пайдаланған жөн деп ойлаймын.

Шығармашылыққа үйрету үшін мынадай жағдайларды ескеру тиіс. Оқытушы ең алдымен, шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін студенттің назары бір нәрсеге бағытталуы керек. Әрбір шығармашылық тапсырманы ұсынудың мазмұны студенттің қызығушылығына үлесуі керек.

Шығармашылық бағытқа жүйелі, сапалы түрде қалыптастырып отыру қажет. Сондықтан студенттің шығармашылығын дамытуда ұстаз көп еңбек сіңіру керек. Сабақ үстінде материалды салыстырып қарма-қарсы қою әдісі арқылы да ұғындыру өз нәтижесін береді. Оқытушы сабақтарда жаңа әдіс- тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға, өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет.

Әдіс-тәсілімен өткізілген әрбір сабақ студенттің ойлауын және қиялын, ойын дағдысын, оларды сөйлеуге үйретеді.

Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы студенттер ортасынан қабілеті жоғары бала іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тану білім алушылардың шығармашылық деңгейін бақылып отыру әрбір мұғалімнің негізгі міндеті.

Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өсуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі таныуына көмектеседі. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып танылады. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділігін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабаққа және сабақтан тыс уақытта дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Студенттің бойындағы қабілетті ашу оқушының шығармашылық бағытта дамуына жете мән беру болып табылады.

Шығармашылық сабақтың ерекшеліктері

Сабақ мақсаты: А) мұғалім үшін: жаңа материалды беру;

Ә) оқушы үшін: жаңа білімді меңгеру.

Сабақ мақсаты:

А) мұғалім үшін: оқушылардың жаңа нәтижеге бағытталған іс-әрекетін ұйымдастыру;

ә) оқушы үшін: шығармашылық «өнім» ойлап табу

Сабақтағы іс-әрекет түрі

мұғалім үшін: жаңа сабақты түсіндіру;

ә) оқушы үшін: жаңа материалды тыңдау, есте сақтау.

Сабақтағы іс-әрекет түрі мұғалім үшін: студенттің шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру; ә) студент үшін: жаңа нысанды зерттеу, құбылысты талдау. Сабақ құрылымы жоспар бойынша өтілуге міндетті. Сабақ құрылымы жағдайға байланысты жоспардан ауытқиды, өзгермелі.

Сабақ тақырыбына көзқарас — кітапта баяндалған идеяға негізделген бір көзқарас. Сабақ тақырыбына көзқарас — мәселеге мамандардың түрлі көзқарасы. Студенттің шығармашылық іс — әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз — ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Әр студенті жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, сынып ұғымын қалыптастыруға, ата-аналармен ынтымақтасуға, оқытудақыындық көріп жүрген оқушыға көмегі тиері сөзсіз. Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Студенттің қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкіртіміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі. Жалпы адамзаттық, рухани-адамгершіліктік өмір құндылықтарының мәнін түсінетін, айналасындағы адамдармен жағымды қарым-қатынас орната алатын, ұжымда, топта еңбектене білетін, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру, оны болашақта қоғамнан өз орынын таба білуіне ықпал жасау баршамызға ортақ міндет.

Қолданылған әдебиеттер

1. Кобдыкаров К.К., Монохов В.М. «Педагогическая технология, проектирование учебного процесса» Вестник КАЗТУ Серия, Педагогическая наука.
2. Макаренко А.С. Таңдамалы педагогикалық шығармалар.
3. Биология және сауаттылық негізі.
4. Жанпейсова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде, Алматы.
5. Биология және салауаттылық негізі

«БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ДАМУ»

Амангалиева Асем Хаирболовна

Жоғары аграрлық-техникалық колледжі, Орал қаласы

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры. Әрбір Қазақстан азаматы дүниежүзілік білім мен ғылым стандарттарына сәйкес білім алуы тиіс және осының барлығы тікелей жаңа инновацияларды ендірумен, жаңа технологияларды меңгерумен байланысты болып отыр.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін – өзі дамытады және өзін – өзі қалыптастырады.

Колледжде инновациялық үрдістердің ғылыми-әдістемелік бағытының моделін жүзеге асыру педагог мамандармен әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың көптеген түйінді мәселелерін шешуге, өзіндік стратегиялық ресурстарды іздеуге ықпал етеді.

Қазіргі кезде колледжімізде оқыту процесін ұйымдастырудың жаңа модельдерін жасау, оқыту технологияларының жекелеген элементтерін сабақта қолдану бағытында тың қадамдар жасалынууда. Колледж оқытушыларының алдында тұрған жауапты міндет – ол

**МАЗМУНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT**

Мазмұны	Бет
Алғы сөз-Предисловие-Foreword	
Садуахасова Гульнара Манапқызы - Білім беру басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы	4 стр
Идрисов Саламат Нұрмұханұлы – Педагогика ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры	4 стр
Панельдік талқылау/ Панельное обсуждения/ Panel discussion	
Мардонов Ботир Мардонович , доктор физико-математических наук, Ташкентский институт текстильной и легкой промышленности, Республика Узбекистан, г. Ташкент. Определение длины зоны прихвата бурильных колонн в нефтегазовых скважинах и разработка методов его ликвидации.	5 стр
Эфендиев Галиб Мамед оглы , доктор технических наук, профессор, институт геологии Национальной академии наук Республики Азербайжан, г. Баку. Научные исследования в нефтегазовом деле в рамках сотрудничества азербайджанских и казахстанских специалистов	8стр
Бондаренко Микола Олександрович , доктор технических наук, ИСМ им. В.Н. Бакуля НАН Украины, Киев. Создание долот ИСМ режущего типа для бурения твёрдых абразивных пород	11 стр
Саттаров Ракиз Мамед оглы , доктор технических наук, профессор, институт геотехнологических проблем нефти и газа и химии, Республика Азербайжан, г.Баку. Современные достижения и перспективы применения нанотехнологий в нефтегазодобыче.	13 стр
Таскинбаев Косан Мынбаевич - «Строение и перспективы кайнозойских отложений Западного Казахстана»	14стр
Ирзагалиев Қосыбек Салтанатұлы -Ауыл шаруашылығы саласының экономикалық тиімділігін арттырудың жолдары	16стр
Таубаев Бақытбек Жұбандықұлы -Некоторые региональные проблемы развития сельского хозяйства	18 стр
Алпысбайұлы Еркебұлан , ветеринария ғылымдарының магистрі, О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі "Студенттерді инновациялық тәсілдермен өндірістік бағытқа дайындау".	25 стр
1-СЕКЦИЯ	
Ихсанова Гульнар Исабековна - Қамыстан бұйым шығару құрылғылары мен техникаларын Атырау өңірінде қолдану тиімділігі	26стр
Суюндукова Гаухар Абильханқызы - Информатика пәнін оқытудағы аспектілер мен ақпараттық құралдар	28 стр
Қанат Амангүл Қанатқызы - Электрмен қамтамасыздандыру пәні бойынша электр шамын жазудың мүмкіндіктерін қолдану	34 стр

in a modern direction	
Эргешова Зилола Пазлаковна, БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ	400стр
Кусбекова Акмарал Шайкеновна, ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ	403стр
Амангалиева Асем Хаирболовна, «Білім беруде инновациялық үрдістерді дамыту»	406стр
Алипбаев Даулет Бахытжанович, Меднение металла лабораторно-практических занятиях	408стр
Кругляк Юлия Рамилевна, критериальное оценивание достижений обучающихся	412стр
Бубекулова Мадина Талгатовна, Современные тренды образования	415стр
Джазыкбаева Б.М., Использование текстов сми для формирования навыка чтения при изучении русского языка	419стр
Mukhanbetkaliyeva Gulzada Shalgizovna, SELF – STUDY OF STUDENTS OF TECHNICAL UNIVERSITIES AS A WAY TO FORM COMMUNICATIVE COMPETENCE IN ENGLISH LESSONS	422стр
Ибадулла Азиза Жұмаділқызы, КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	425стр
Берікова Н.НО – 31 тобы, Смагулова Г.А., Бастауыш мектептегі еңбек тәрбиесі мәселелері	428стр
Каримова Эльнура Абдурахманқызы, «Тёплый Пол»	431стр
П. Балгабайқызы, МЕКТЕПТЕ Б. МАЙЛИННИҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРМЕН ОҚЫТУ	434стр
Мухамбеткалиева Г.Ш., Қазақ тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі	437стр
Мәдір Г.С., ГИДРОПОНИКАДА ӨСІМДІКТЕРДІ ӨСІРУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН ӘДІСТЕРІ	440стр
Нажмаддинова Сарбиназ Сапарбайқызы, Жапаш Бағдат Темірғалиқызы, ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ	444стр
Сералиева Қ.Н., ТІГІН ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ КИІМДЕРДІ ҮЛГІЛЕУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ПРАКТИКА САБАҒЫНЫҢ ЖАҢАША ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНДІРУ ЖОЛДАРЫ, МОДУЛЬДІК ОҚЫТУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	446стр
Әбілғазы Ынтагул Жақсығалиқызы, «МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ»	450стр
Г.А.Шекртова, «ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ – АДАМЗАТ ЕРТЕҢІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ»	455стр
Досжан Гулсезім Қаламғалиқызы, Босназарова Балжан Саматовна, ЖАҢАШЫЛ ОҚЫТУДЫҢ НӘТИЖЕЛІ ӨЗГЕРІСТЕРІ	460стр
Досбатыр Бітеген Тынымбайұлы, Мейрам Шайза Пашубайқызы, ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІ	462стр
Е.В. Брагина, ДИСТАНЦИОННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ	466стр
О.С. Скобелева, СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ,	469стр